

**Балабақшада жаңа
технологияларды қолдану
әдістері**

Әдістемелік құрал

**Балабақшада жаңа
технологияларды қолдану
әдістері**

Әдістемелік құрал

Құрастырушы:

*Түркістан қаласындағы «Керемет»
бастауыш-балабақша кешенінің
ересек тобының тәрбиешілері*

Алматы 2020

ӘОЖ 821
КБЖ 83.3
Т 66

Пікір жазған:
Утебаева А.К., п.ғ.к.

Т 66 **Түркістан қаласындағы «Керемет» бастауыш-балабақша кешенінің ересек тобының тәрбиешілері: Балабақшада жаңа технологияларды қолдану әдістері. Әдістемелік құрал., – Алматы. – 2020. – 76 бет.**

ISBN 978-601-203-037-2

Әдістемелік құралда балабақшадағы жаңа технологиялар сипаттамасы және тиімділігі ұсынылған. Мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбиешілердің бүлдіршіндерге сапалы, жанашыл тәрбие мен білім беру мақсатында құрастырылған.

ӘОЖ 821
КБЖ 83.3

ISBN 978-601-203-037-2

© Түркістан қаласындағы «Керемет» бастауыш-балабақша кешенінің ересек тобының тәрбиешілері 2020

МЕНІҢ МАМАНДЫҒЫМ

**БІТІМБАЙ МӨЛДІР МАРАЛБЕКҚЫЗЫ,
«Керемет» бастауыш мектеп-балабақша
кешенінің тәрбиешісі**

Тәрбиеші мамандығы бүкіл әлемдегі адамдарға қажетті және текті мамандықтардың бірі, сондықтан біз осы мамандықты таңдап балабақшада жұмыс істеп жүргенімізді мақтаныш етеміз. Педагог, ұстаз қызметін мамандықтан гөрі ұстаным десе болады. Өйткені, кез келген адам дарынды суретші, ұлы музыкант немесе актер бола алмайды ғой. Сол сияқты кез келген адам да нағыз тәрбиеші бола алмайды.

Менің жұмыс күнім бүлдіршіндерді қабылдаудан басталады. Бір карағанда бүлдіршіндерді қабылдау оңай және біркелкі көрінеді: балалар топқа келеді, түрлі іс бастайды, алайда тек тәрбиеші ғана баланың көңіл-күйін, ойын, қобалжуын түсіне алады. Тек тәрбиеші ғана балаларды көтеріңкі көңіл-күйде, қатарластарымен араласу, ойнау құмарлығын тудыра отырып қарсы ала алады.

Балалардың ата-анасымен сөйлесуінен, шешініп-киінуінен кімнің қобалжулы не сабырлы, көңілді әлде көңілсіз, қызба не салғырт екенін білемін. Балалардың көңіл-күйін ескергендіктен кейбір балалардың қызбалығының себебін түсіне аламын. Сондықтан олардың әрқайсысымен қалай сөйлесуді, не айтуды, не ұсынуды, тыныштандыру үшін қандай кеңес айтуды білемін. Яғни белсенді іске араластыру, көңіл-күйін көтеру нағыз тәрбиешіге қиын емес.

Әр бала – ерекше, өзіндік қайталанбас тұлға. Олардың бәрі – дарынды суретшілер, байқампаз, қажымас экспериментшілер.

Педагог ретінде менің міндетім: баланың ерекшелігін, білуге құмарлығы мен шығармашылық қабілетін сақтап дамыту. Мен балаларды табиғи қалпында жақсы көремін. Оларды өздерін құрметтеуге, өзіне және өзінің әрекеттеріне жауап беруге тәрбиелеймін. Ата-аналармен бірге олардың жетістіктері мен жеңістерін мақтан тұтамыз.

Бала – бұл біздің жұмысымыздағы басты құндылық және мен педагог ретінде баланың тұлға болып қалыптасуына, оның қорланбауына, жігерінің жасымауына, өзінің кім екенін, өзінің мүмкіндіктерін түсінуіне, не істей алатынын, не қалайтынын, нені қаламайтынын білуіне жауаптымын.

Балалар – біздің болашағымыз. Ал ол болашақтың қандай болатыны педагогқа байланысты. Мен балалардың әрқайсысына жауаптымын, сол себепті олардың тұлға боп қалыптасуына жайлы жағдай жасауым керек. Олардың мәселелерін шешуге көмектесуім керек. Жақсы тәрбие құпиясы балаға деген құрметте жатыр, олардың да өз пікірі бар, олар да қателеседі. Өзіңе қарап жәудіреген бала жанарын көргенде, сенің әр сөзіңді, көзқарасыңды, әр қимылыңды бағып отырған, тұтас әлемді жұтуға дайын жанарларды көргенде тәрбиеші мамандығының қаншалықты маңызды екенін түсінесің. Осы бейкүнә, мөлдір де пәк көздерге қарап, оларға өзіңнің қаншалықты қажет екенінді, олар үшін өзіңнің тұтас ғалам екенінді, дәл өзіңнің олардың мінездерін қалыптастырушы екенінді сезінесің, оларды сүйіспеншілікпен қолдайсың, оларға жүрегіңнің жылуын еріксіз бересің.

Тәрбиешінің басты мақсаты – баланың тіпті ең титімдей қабілетін дамыту, бойындағы ұшқынын дер кезінде байқау, ол ұшқын әр балада туғаннан болады. Педагог дарыны сол ұшқынды көре білуде, өшіріп алмауда жатыр.

Мен үшін басты міндет: шығармашыл, креативті, тіл табысқыш тұлға тәрбиелеу. Өз нәтижелерінді болжап бағалай білу керек, өздік жұмысты, бастамашылықты дамыту керек.

Әр баланың жеке басы қасиеттерін көрсетуге жағдай жасау керек.

Мен бүгін балаларға не үйрете аламын? Мен балаларға бәрін үйреткім келеді: дыбыстарды естуді, домалақ, сопақ болатынын, биіктің болатынын, кубтардан сурет құрастыруды, аккала жасауды, сурет салуды, өлең оқуды және басқа көп нәрселерді тануға зейіндерін ашсам деймін. Мен үшін бастысы – балаларды физикалық және психологиялық сау болуға үйрету. Менің алдымда әртүрлі балалар: өжет, тынымсыз, ұялшак, ұяи, үндеместер мен сөзшендер.

Мен балаларға не бере аламын? Алдымен – сүйіспеншілік. Оларды табиғи калпында жақсы көремін.

Тәрбиеші – бұл педагог, яғни балаларды оқытатын, қоршаған ортаны тануға көмектесетін адам. Осы үрдістің қаншалықты тиімді болуы менің кішкентай оқушыларымның қызығушылығына байланысты. Осылайша біз күннен күнге оларға зұлымдық пен мейірбандықты ажыратуды, өзін, қоршаған ортаны тануды үйрететін білім соқпағымен жол тартамыз. Ал мен олардан адалдықты, ашықтықты, сүюді талмай үйренемін. Балалар – біздің болашағымыз.

Тәрбиеші – таңғажайып мамандық. Балалық шақ еліне, балалар әлеміне барып келуге тағы бір мүмкіндік. Біз бәріміз сол балалық елінен шыққан болсақ та осынау таңғажайып әлемді жылдам ұмытып қаламыз. Бала әлемі үлкендер әлеміне карағанда анағұрлым қызықты, мазмұнды. Тәрбиешінің міндеті – осы бір балалық сиқырлықты жойып алмай, танымы мен өмір туралы түсінігін қалыптастыру. Мүмкін мен сол себепті де тәрбиеші болған шығармын.

Педагогика тұрғысынан карағанда, адам өмірінің ең күрделі кезеңі – балалық шақ. Сол себепті бала өміріндегі алғашқы тәрбиешінің қандай болатыны да осыншама маңызды.